

Айтматовтың дара әлемі

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Шыңғыс Айтматов әлемі» атты ғылыми-практикалық конференция болып өтті.

Конференцияның негізі мақсаты – көрнекті қоғам қайраткері, әлем әдебиетінің классигі, ұлы жазушы Ш. Айтматовтың көркем мұрасын қазіргі заман тұрғысынан терең түсіну мен бағалау. Шығармашылық талантының негізгі қырларын анықтау, ерекшелігін ашу. Ш. Айтматов шығармашылығының ХХІ ғасыр басындағы тарихи-мәдени үдерістегі рөлі мен маңыздылығын анықтап, адамгершілік-этикалық құндылықтарын халықаралық ғылым-білім және мәдени кеңістікте тарату. Ш. Айтматов шығармашылық әлемінің әлемдік әдебиетте алатын орны мен оның қазіргі әлем әдебиетінің даму үдерісіндегі бағыт-бағдарлық рөлін айқындау. Ш. Айтматовтың өз кезеңіндегі әлемнің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени өміріндегі көшбасшылық, кемелгерлік дара да азаматтық тұлғасын тану мен таныту болып табылады.

Әл-Фараби кітапханасында өткен конференцияның ауқымы өте кең, оқылған баяндамалардың маңызы жоғары болды. Конференция универ-

ситет ректоры Ф. Мұтановтың құттықтау сөзімен ашылды.

Конференция қонақтары Алиясбек Алымқұлов (Қазақстан Республикасындағы Қырғыз Республикасының Бас консулы), Руслан Мамыров (Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Қырғыз этномәдени бірлестігінің төрағасы), Теймур Керимли (Әзербайжан ұлттық академиясының академигі, әдебиетші, жазушы, М. Фузули қолжазбалар институтының директоры), ҚР ҰҒА Ш. Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының бас ғылыми қызметкерлері Айнура Қадырманбетова мен Жылдыз Турғунбаева Қазақстанға, ҚазҰУ-ға деген құрметін өздерінің құттықтау сөздерінде жеткізді.

Жазушы, қоғам қайраткері Роллан Сейсенбаев сөз сөйлеп, қазақ тіліне аударылған «Қош бол, Гүлсарының» жаңа басылымының тұсаукесер рәсімін жасады. Айтматовқа арзылған жиынның сәні мен салтанатына үйлескен рәсім ел руханиятына тағы бір асыл дүниенің қосылғанын танытты.

Лондондағы Ш. Айтматов академиясының директоры Рахима Абдуваллиеваның жазушы шығармаларының аударылуы мен танылуы жайындағы баяндамасы көпшілік көңілінен шығып, әлемдік әдеби үдерістің барысынан біршама хабардар етті.

Лондон шығыстану және африкатуану мектебінің оқытушысы Джонатан Фрейер, Кембридж университетінің зерттеушісі Шоқан Лаумулин, Қырғыз ҰҒА Ш. Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының бас ғылыми қызметкері Айнура Қадырманбетовалар өз баяндамаларында жазушы шығармашылық мұрасының әлемдік маңызы, жалпыадамзаттық рухани құндылықтар қатарында алатын орны жайлы атап өтті.

Конференцияға қапысушы құрметті қонақтар, қоғам қайраткерлері мен ақын-жазушылар, университеттің оқытушы-профессорлық құрамы негізінен екі секциялық бағытта – Ұлы дала өркеніеті және Ш. Айтматов әлемі; Шыңғыс Айтматов және әлемдік әдеби үдеріс бойынша жұмыс жасап, «Ш. Айтматов прозасындағы Ұлы Даланың астралды сарындары», «Еуразиялық жазушының әдебиет мұрасы», «Ш. Айтматовтың рухани әлемі», «Шыңғыс Айтматовтың «Жәмилә» повесіндегі өмір шындығы» т.б. көптеген ғылыми-танымдық баяндамалар тыңдалды.

Альбина ДОСАНОВА,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ доценті
Бақытқожа БАЯЗИТОВ,
оқытушы